



**Ахмет Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік университеті**

**Костанайский государственный университет  
имени Ахмета Байтұрсынова**

**«Иннова - 2016»**

**атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-методической конференции  
«Иннова - 2016»**

**15 қаңтар 2016 ж.**

**15 января 2016 г.**



**Костанай, 2016**

Калакова Г. К. Роль филиалов кафедр в профессиональной подготовке будущих специалистов.....	143
Кужукеева К.М. Профессиональная практика в системе практико-ориентированного обучения.....	145
Летвинко П. С. Приоритетные направления образовательной деятельности вуза в реализации государственной программы ГПИИР-2.....	148
Мустафина А. С. Практико-ориентированное обучение как фактор формирования профессиональных компетенций.....	151
Ниязбаева Н.Н., Байешов Д.А. Профессиональная мотивация студентов как основной компонент успешной профессиональной деятельности.....	153
Салыкова О. С. Формирование компетенций в условиях взаимодействия «магистрант-работодатель-вуз».....	156
Селунская Л. С. Методика практико-ориентированного обучения при подготовке специалистов ветеринарной медицины.....	158
Толеубаев А. Н. Взаимодействие вуза и бизнеса как приоритетное направление образовательной деятельности в рамках программы ГПИИР.....	159
<b>Раздел 4 ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ</b>	
Алпыспаева З. Т. К проблеме вторичной социализации личности в процессе изучения иностранного языка.....	162
Абдибекова А.Е. Тіл мен мәдениеттің өзарақарым-қатынасы.....	164
Абилябекова Б.Т. Тіл қатынасының бір бөлігі – фразеологизмдер.....	167
Ahmetova L.S. The question of implementation multilingualism in higher education in Kazakhstan .....	170
Ахметчина К.Е. Духовно-нравственное воспитание в условиях межкультурной коммуникации.....	172
Беркенова Б. Б. Использование фразеологизмов в произведениях О.Сулейменова.....	175
Данекенова А.Б. Формирование поликультурной личности .....	176
Качеев Д. А. Методика преподавания философии в полиязычной группе.....	178
Колдыбаев С.А. Из опыта преподавания на английском языке философии и политологии.....	180
Кулик А. В. Преподавание философских дисциплин на английском языке.....	182
Кучерявая Т. Л. К вопросу о полиязычном обучении студентов вузов.....	184
Мустафина К. Е. Основные проблемы реализации полиязычного обучения в контексте глобализации образования.....	187
Милушкин С.И. Проблематика толерантности в современном Казахстане.....	189
Мирошниченко В. В. Формирование этнорегиональной идентичности учителя: к постановке проблемы.....	191
Назарбекова З. М. Из опыта изложения темы «Демократия» на английском языке.....	193
Омарова З.К. Современные тенденции развития полиязычного образования в системе высшей школы.....	196
Сарманова Ф. Т. Өз тіліміз өз көшемізден көрінбей жүр.....	198
Сарманова Ф. Т. Кәсіби лексиканы үйретудің ерекшеліктері.....	200
Смирнова С. М. Роль и значение интерактивного обучения.....	203
Созина Т. Н. Философские и психологические аспекты полиязычного образования.....	205
Тасмағамбетова З.Ж. Жоғары оқу орны студенттері практикадан өту кезінде кәсіби құзыреттерді қалып тастыру.....	208
Чепига О. И. К вопросу о полиязычном образовании в многоязычном пространстве.....	211
ШолпанбаеваҒ. Ә., ЛовцоваД. П. Көптілділік бүгінгі заманның ең басты өзекті мәселелерінің бірі.....	213

*Магазин продуктов и промышленных товаров – Азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары дүкені.* Бұл мысалда «тауарлар» деген сөзге Ілік септігін, яғни «-лің» жалғауын қоссақ, сөйлем түсінікті, мәтін сауатты құрылған болар еді.

*Азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының дүкені.* Кейбір сөздердің, терминдердің аудармасы болар тұра, орыс тілінде қазақ тілінің қосымшасымен жазылып жатады.

Мысалы, *Ремонт автомобилей – Автомобильдер жөндеу.* Автомобиль – адам немесе жүк таситын машина, яғни көлік. Неге «автокөлік жөндеу» демеске? Тағы бір мысал келтіруге болады: *Для всех кто ищет! – Кім іздесе, солардың бәріне! Для всех кто выбирает! – Кім таңдаса, солардың бәріне!* Бұл жарнаманың адамға әсер ету қызметі өте төмен. Неге дейсіз ғой? Өйткені, кімнің нені іздейтіні, нені таңдайтыны беймәлім. Бір сөз бірнеше рет қайталанып, естір құлаққа да жағымсыз. Іздеушілер мен тыңдаушылар назарына! десе де айтар ой жетімді болары анық.

Қазіргі кезде көшелер мен мекеме атауларында да жарнамалық сипат болатыны мәлім. Осы атаулардың қазақша, орысша, ағылшынша үш тілде бірдей берілуі оларды жазудан гөрі еуропалық болмыстағы суреттерге көбірек ұқсатып жіберген секілді. Солардың арасынан қазақша нұсқасын зорға тауып алатын жағдайлар кездеседі. Керісінше қазақшасы үлкен әріптермен жазылып, қалғаны тілді түсінбейтіндер үшін аударма ретінде берілуі керек еді. Әрине, мұндай үлгідегі жарнамалар қалаларымызда кездеседі.

Жарнамалардағы аудармалар да қате аударылады ( Астана қаласы). *Зима не за горами* дегенді *Қыс тауларға емес* деп аударылыпты. Мұның мағынасы «*Қыстың қамын жазда ойла*» дегені.

Баспасөз беттерінде жарнама мәселесі біраз жылдардан бері сөз болып келеді, алайда оған байланысты айтылатын сын-пікірлер тоқталар емес. Оның бірнеше себебі бар сияқты. Біріншіден, жарнаманың қазақша нұсқасында кеткен қателер мен қателіктер, екіншіден, түпнұсқасы орыс тілінде дайындалып, аудару кезінде ұғымдарды дұрыс жеткізе алмауы, үшіншіден, қажет емес деп тауып, мүлде аудармай орыс тілде нұсқасын бере салумен байланысты деп тоқтауға болатын секілді. Мұндай жағдаяттардың қайсысы болса да, бүгін мемлекеттік тілдің дамуына кері әсерін беріп, беделін төмендетіп отырғандығына дау жоқ.

Қорыта келгенде, енді талаптың бірі – жарнамада негізінен суретке үлкен орын беріледі. Демек, берілуге тиіс ақпараттар да сурет мазмұны арқылы белгілі болып жататындықтан, ондағы жазуларды қазақша, орысша деп екі тілде бос шығынға және түсініксіздікке жол бермес үшін, тек қазақ тілінде ғана жазса дұрыс болар еді немесе ұсақ әріптермен астыңғы жағына аудармасы берілсе де жеткілікті. Сонда жарнама тілі арқылы да адамдардың қазақша үйренуіне мүмкіндік жасауға болар еді.

Қазіргі заманда жарнаманың орны үлкен, ол арқылы тек тауар жарнамаланбайды, ұлттық тіл мен ұлттық болмысымыздың да ішкі сырлары айқындалып, оның мазмұнынан қаншалықты құрметтейтініміз де көрінеді.

### **Библиографиялық тізім**

1. Әбдуәлиұлы Б. Жарнама – ұлттық болмысымыздың да жаршысы /Хабаршы.№ 1, 2011 ж.
2. Қайдаров Ә. «Тіл майданы». Алматы, 2000 ж.
3. Солтанбекова Ғ. «Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі». Автореферат. Алматы, 2001 ж.
4. Қазыбек Г. «Каз МУ хабаршысы» № 8. Алматы, 2002 ж.

### **КӘСІБИ ЛЕКSIКАНЫ ҮЙРЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Сарманова Ф. Т.**

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова  
Kostanay State University named after A. Baitursynov

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – мемлекеттік тілді сауатты, кәсіби деңгейде оқыту.

Ауызекі сөйлеу барысында студенттерді кәсіби лексикамен таныстырып, сөздік қорын одан әрі қарай толықтыру - міндетіміздің бірі болып табылады. Студенттерді тек қана күнделікті қолданылатын лексикамен шектелмей, оқып жатқан мамандығына сай сөйлеуі тиіс. Яғни, кәсіби маман дайындау, оқу үрдісін жетілдірудің негізгі ұстанымдарының бірі болып, студенттерге қазақ тілін оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін іздеу қажеттігін туындатады.

Өзім гуманитарлық-әлеуметтік, заң, ақпараттық технологиялар факультеттерінде көп жылдар бойы еңбек етіп, әр мамандыққа байланысты кәсіби лексикасын құрастырудамын. Материалдарды ұсынар алдында мамандыққа сай ең аядымен біраз әдебиет, мәліметтер алып, олардың ішінде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін жүйелеп, тапсырмалар немесе мәтіндер құрастырамын. Жинақталған лексиканы кезеңдерге бөліп, бірте-бірте сөздік қорын молайтып, қойылған мақсаттарға жетудемін. Кәсіби лексикаға байланысты сөздік қоры жақсы дамыса, мәтіндерді де ұсынуға болады. Мәтіндер қарапайымнан күрделіге қарай ауысу заңдылықтарына негізделеді. Кәсіби лексиканы оқыту барысында төмендегі бағыттарға ерекше назар аударуымыз керек:

- лексикалық материалды жүйелі түрде беру;
- грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін ескерту;
- мамандыққа қатысты құжаттар стилін ескеру;
- берілген материал нақты, сауатты болу.

Жоғарыда айтылып кеткен бағыттарға сүйене отырып, кәсіби мамандыққа байланысты материалдарды үнемі түрлендіруге де болады.

Кәсіби лексиканы жақсы меңгеру үшін түрлі жаттығулар, тапсырмалар, аудару жұмыстары жүргізіледі. Мәселен, «Ақпараттық жүйесі» мамандығында оқитын студенттерге қазақ тілін кәсіби лексика арқылы үйрету кезіндегі ең басты – кәсіби терминдер мен ұғымдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Мамандыққа қатысты келесі жұмыс түрлері өткізіледі. Ең алдымен лексикалық минимум беріледі: *қоржын – папка, жазғы – принтер, жүйе – сеть, пернетақта – клавиатура, алмалы табақша – съемный диск, жүйе-сеть, галамтор- интернет, желідегі вирус- системный вирус, әріптік-сандық мәліметтер- алфавитно-цифровые данные, жаңа ақпараттық технологиялар-новые информационные технологии, жорғалақ – мышка, бағдаржол-курсор, деректер көзі – источник данных, қуаң көзі- блок питания, пішін – формат.*

Тапсырма: сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Мне необходима точная копия данного документа.
2. Данную информацию нужно сохранить в компьютере.
3. Сетевой вирус был мгновенно удален.
4. Сегодня введены новые технологии обучения.
5. Была нарушена внутренняя система управления.

Тапсырма: мәтінді оқып, өз ойыңызбен айтып шығыңыз.

Интернет- адамзат санасының жетістігі.

Интернет-адамзаттың ақпараттық технология саласындағы жеткен жетістіктерінің бірі. Біртұтас ақпараттық кеңестік интернет деп аталады. Интернет- бүкіл жер шары бойынша ақпарат тарататын желілер жиынтығы. Интернет- компьютерлік желілердің ішіндегі көп қолданылатыны. Оны пайдаланушылардың саны ай сайын шамамен 1 миллионға өсіп отыр. Интернеттің ерекшелігі- онда ақпараттар сақталады. Компьютерді интернетке қосқанда тұтынушыға электрондық пошта ашылады. Бұл электрондық пошта хабарды әлемнің кез келген нүктесіне бірнеше сағатта жедел жеткізеді. Кәдімгі поштаға қарағанда өте жылдам және қызмет құны да арзан. Біз электрондық поштадағы хабарды нақты бір адамға оның электрондық пошта адресін көрсете отырып жөнелтеміз. Гипермәтіндік сілтемені пайдаланып, интернетті бірінен келесіге көшіріп қарай беруге болады.

Тапсырма: берілген сұхбаттың үлгісі бойынша бір-біріңізбен әңгімелесіп көріңіз.

1. - Сәлеметсіз бе !
2. - Сәлеметсіз бе!

- Халініз қалай ? Сіз Нұрбек Мұратұлысыз ба?
- Иә, сіз менің білуімшіе, компьютер үйренуге келдіңіз ғой.
- Иә, менің аты-жөнім Айбек Асанұлы. Мен компьютерлік курсың оқиын деп едім.
- Кіріңіз, мына орындыққа отырыңыз. Мен сізге көмектесуге, мағлұматтар беруге әзірмін. Біріншіден, «Ақпарат» дегеніміз – белгілі бір нәрсе туралы таңбалар мен сигналдар түрінде берілетін мағлұматтар.
- Ақпараттану пәні туралы түсіндіріңізші.
- «Ақпараттану» дегеніміз- компьютермен ақпаратты жинау, сақтау, түрлендіру, жеткізу және оны пайдалану заңдылықтары мен тәсілдерін зерттейтін пән.
- Мағлұматтарыңызға рақмет. Маған компьютермен жұмыс жасауды үйретіңіз.
- Жарайды. Қазір мәтін жазуды үйренейік. Мына компьютердегі «Жаңа папка құру» файлың тінтпемен басыңыз.
- Жарайды. Жаңа папкаға атау енгізе аламын ба ?
- «Файылдың аты» жолың басқаннан соң, атыңызды жазыңыз. Осы файлды ашып, мәтін жазамыз.
- Сізге көп рақмет! Енді мәтінді өзім жаза берейін.
- Сізге көмек керек болса, шақырыңыз.

*«Заңгер» мамандағана байланысты берілген материалдар: құқық,-право, сыбайлас жемқорлық – коррупция, бас бостандығынан айыру – лишение свободы, ұлттық қауіпсіздік – национальная безопасность, заңгер – юрист, тергеуші-следователь, сыбайлас жемқорлықпен күресу- вести борьбу против коррупции, пара алу – брать взятку, сотталу-быть осужденным, қылмыстың ашылуы – раскрытие преступления.*

*«Аудармашылар» мамандығы бойынша келесі лексикалық минимум беріледі: болашақ мамандығым – будущая специальность, ағылшын тілінде жетік сөйлей білу – уметь свободно говорить на английском языке, шет елдерден келген қонақтар – гости, прибывшие из-за границы, шетелге де баруымыз мүмкін- возможно, поеду за границу, болашағы зор- будущее велико, ағылшын тілінің аудармашысы- переводчик английского языка, мамандығымыздың арқасында – благодаря своей специальности.*

*Салық саласында күнделікті жұмыс бабында пайда болатын сөйлеу әрекеттерін қолдана білуге де үйретеміз. Мысалы, осы салада жиі қолданылатын сөз тіркестері : бюджетке төленетін салық, әкімшілік айыппұл, салық есептеулерінің шамасы, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесі, жеке табыс салығы, салықтың есепке алынатын соманың мөлшері, салық құпия сақталуын талап ету, салық сараптамасы жүргізілген күн мен өнімді бөлу туралы келісім-шарт, салық міндеттемелерін төлеу, мүлктік салық және т.б.*

*Тапсырма: Салық кодексі дегеніміз не ? Салық кодексі – заңдардың, жарлықтардың және заң актілерінің кодталған жинағы, бұл жинақ мемлекет, департаменттер, муниципалитеттер және басқа бірліктер деңгейінде салық ауыртпалығын бөлуді және салық алымдары тәртібін реттейді. Жалпы салық кодексінде елтаңба және тіркеу алымының кодексі, инвестициялау кодексі және кейбір елдерде іс жүргізу кодексі қамтылады.*

Жоғарыда берілген тапсырмаларды орындау арқылы студенттер кәсіби сөздердің дұрыс айту, оларды дұрыс жазу дағдысы қалыптасады. Студенттер өз ойларын жеткізуде қарапайым сөздерді қолданбай, кәсіби тілде сөйлеуге тырысады.

Бүгін мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазіргі заманға сай білімді де, сауатты да мамандарды дайындауымыз керек.

#### **Библиографиялық тізім**

1. М. Сағындықова «Кәсіби бағдар негізінде оқытуда мәтін таңдау ерекшеліктері». «Қазақ тілі: әдістеме», № 5(13), 2007 ж.
2. К. Жақсылықова. «Жоғары оқу орындары студенттеріне қазақ тілін кәсіби мәтіндер арқылы меңгерту жолдары». «Қазақ тілі: әдістеме», № 9-10, 2010 ж.
3. Қ. Рақымжанов. «Практикалық қазақ тілі. Салық қызметкерлеріне арналған оқу құралы». Павлодар, 2008 ж.
4. Ф. Сарманова «Студенттердің сөздік қорын молайту үшін берілген материалдар». ҚМУ, 2010 ж.